



ARTIST

Жақсылыққа жақындатып, ізгілікке баулыған

Мұзафар Әлімбаев 29 қазанда Павлодар облысы, Шарбақты ауданындағы Маралды ауылында туған. Тырнақалды өлеңі он бес жасында Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінде жарық көрген екен. Соғыс жылдарында шығармалары республикалық, облыстық және майдандық газеттерде басылып тұрды. ҚазМУ-дің түлегі. Армиядан оралған соң (1948), «Пионер» журналында поэзия бөлімін басқарады. 1956-1958 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары, ал 1958 жылы «Балдырған» журналы ашылған күннен 1986 жылға дейін журналдың бас редакторы қызметін атқарды..

Алғашқы кітабы – «Қарағанды жырлары» 1952 жылы жарық көрген. Содан бері көптеген өлең кітабы, бірнеше дүркін таңдамалы шығармалар, туысқан халықтар тілінде көптеген жинақтары шықты. 64 төлтума және аударма кітаптың авторы. Әнге жазған өлеңдерінің саны 200-ге жуық. Шығармалары жиырмадан астам тілге аударылған. Соның ішінде орыс тілінде 6 кітабы, түрікмен тілінде «Мен – түрік мейманы» (1963), қырғыз тілінде «Жолдар. Ойлар. Жырлар» (1966) және т.б. тілдерде жинақтары жарық көрген. Көркем аударма саласында да еңбек еткен. «Аспандағы әпке» жинағы үшін 1982 жылы Қазақстан Республикасының Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері (1978), Жамбыл атындағы Халықаралық сыйлықтың иегері (1996).

Ақынның балалар поэзиясындағы орны ерекше. Оның «Менің ойыншықтарым» (1953), «Орақ – олақ» (1962), «Шынықсаң, шымыр боласың» (1969), «Балдәурен, шіркін, балалық» (1973), «Ақсерек те көксерек» (1977), «Аспандағы әпке» (1982), «Екі тақтай бір көпір» (1992), «Қоянның құлағы неге ұзын?» (1996) және т.б. жинақтары кішкентай оқырмандарының сүйікті кітаптарына айналды. Сонымен бірге ұстаздардың, тәрбиешілердің балалар тәрбиесінде пайдаланатын құралдары қызметін атқарады. Мұзафар Әлімбаевтың қандай қаламгер болғанын бүгінгі ұрпақтың қаперіне сала кетудің еш артықтығы жоқ деп білеміз. Оның өлеңдеріне тән сипаттардың бірі – табиғилық. Бала бейнесі, оған тән дүниетаным мен қызығушылық өмірде қандай болса, көркем ой елегінен өткеннен кейін, ақын өлеңдерінде өзінің шынайы көрінісін табады. Оның түрлі тақпақтарын оқып немесе тыңдап отырған бүлдіршін одан сөз жоқ, өзін, өзінің маңайындағы құрбыларын айқын тани алады. Ақын болмысы өзінің лирикалық кейіпкерінің, яғни, бүлдіршіннің ішкі дүниесімен тұтасып кетеді. Бала жан дүниесінің нәзік иірімдерін терең барлай алған Мұзафар Әлімбаев жас оқырмандарын да әдебиет әлеміне енгізе біледі. Ақынның поэзиялық әлемінде бүлдіршіндер өздерін еркін сезінеді, ал үлкендер болса, қаламгер туындылары арқылы бала мінезі, дүниетанымы, психологиясымен жақын таныса алады. Өзге де замандас әріптестері сияқты М.Әлімбаев

өлеңдерінің тақырыбы сан алуан. Өмірдің өзі сан түрлі салаларға тарамдалып кететіндіктен де, осы көптүрліліктің шын шебердің қолынан шыққан сөз өнерінде көрініс табуы заңды құбылыс. Өнерді өмірдің көркем шындығы десек, өмірдегі сан алуан тақырыптардың поэтикаланып, көркем шындыққа айналатындығы айқын. Қай тақырыпта қалам тербесе де, ақын үнемі бала талғамына, танымына көңіл бөліп отырады.

Әже! Әже! Жатпашы!

Ауыр ойға батпашы.

...Дәрі жасап берейін,

Бәрін жасап берейін.

Ауыртпаймын әжемді,

Ауырмайсың, әже, енді!

Осы өлеңде кішкене баланың әжесіне деген жан жібітерлік ыстық махаббаты, мейірімі көрініп тұр. Баланың шынайы ықыласы адамның жан-жүрегін жылытып жібергендей болады. Әжесінің ауырғаны жанына қатты батқан бала болашақта дәрігер болып, әжесін емдеп шығуды мақсат етеді. Кішкене немересінің мұндай жан тебіренер сөздері қарт ананың көңілін бір көтеріп тастары анық. Бұл өлеңді естіген бала өз әжесінің аялы алақанын, мейірімді жүзі мен қызықты ертегілерін есіне алады, сағынады. Мұның бәрі өлең сөздің құдіреті мен сол сөзді жан-жүрегімен қабылдайтын бала сезімталдығының әсері екендігі сөзсіз.

М.Әлімбаев өзінің «Әке» атты өлеңінде:

Мақтайды әкем:

– Батырым,

Енді өзіме серік! – деп.

Өсіп келе жатырмын

Өз әкеме еліктеп.

Әкем мені жасымнан

Тастамайды қасынан, – деп баяндайды.

Кішкене баланың ата-анасына еліктейтіні де өмір заңдылығы. Әке мен бала арасындағы өзара түсіністік пен махаббат сезімі бұл өлеңде қарапайым әрі ұтымды суреттелген. Өз баласының есейіп, өсіп келе жатқандығын көрген әке мақтанышы кейіпкердің өз сөзімен берілуі де әсерлі. «Менің ойыншықтарым» деген өлеңіндегі кішкене кейіпкер:

Шырылдама, әндетпе,

Бұлбұлым, ертең жырларсың.

Папам келді қызметтен,

Ұйықтап біраз дем алсын – деп, ең алдымен әке тыныштығын ойлайды.

Жұмыстан шаршап келген папасына кедергі жасағысы келмей, ақырын ойнап отырған бала өз ойыншықтарына да ескерту жасайды. Ақын кейбір мысалында әкенің баласын сан өнерге баулуы және жалпы ұрпақ тәрбиесінде әкенің ерекше орынға ие болатындығын айтады. Сонау фольклордан бастау алып, күні бүгінге дейін балалар әдебиетіндегі іргелі орынға ие болып отырған негізгі, ауқымды, әрі маңызды еңбек тақырыбы М.Әлімбаев шығармашылығында да үнемі алдыңғы қатарда.

Ақын тағы бір өлеңінде:

Тапшы сондай ұстаны,

Созады қол қысқаны!

Қос қол қандай ұжымды:

Қысқартады ұзынды!

... Түрлі қиын жұмыста

Тындырымды қол – ұста! – дейді.

Қол туралы айтылған мадақ өлең баланы, бір жағынан таңырқатса, екінші жағынан сүйсіндіреді. М.Әлімбаевтың атап өтерлік туындысының бірі – «Аспандағы әпке» өлеңі. Аталған өлең әуе лайнерлеріндегі жолсеріктер немесе стюардессалар туралы жазылған тамаша туынды екендігіне оған берілген Мемлекеттік сыйлықтың өзі дәлел:

...Туғаныңдай күлімдеп,

Қарсы алды әпке бұл.

Жайраң қаққан сол әпке

Жайғастырып орныңа,

Бір-бір журнал, газеттен

Ұстатады қолыңа.

Жасы үлкенге баладай

Бәйек болып жүргені!

Кішіні де аялай,

Бәйек болып жүргені.

Жас баланың көзімен стюардессаны «Аспандағы әпке» деп аталуының өзінде қаншама мән-мағына жатқандығы сөзсіз. Әуе кемесіндегі әрбір жолаушыға қызмет көрсетіп, қамын ойлайтын стюардессаны ақын кейіпкері «әпке» деп атауынан, баланың оны өзіне жақын тартқаны аңғарылады. Аспандағы әпке туралы ойлар баланың монолога түрінде берілуі де формалық ізденістің нәтижесі.

«Бөбектер өлеңі, – дейді белгілі ақын Қ.Мырзалиев Мұзафар Әлімбаевтың «Аспандағы әпке» жинағы турасында жазылған мақаласында, – жыр мен сырдың, ой мен ойынның, сөз өнері мен педагогиканың барынша жымдасқан жері». Бүлдіршінге бағышталған балауса жыр жас оқырманды сүйсіндіріп қана қоймай, астарында тәрбиелік мағына жатуы тиіс екендігін М.Әлімбаев ерте түсінген. Ақын жинақтарынан бала санасына, дүниетанымына жақын әрі көркем, әрі қарапайым, әрі тәрбиелік мәні жоғары өлең-тақпақтар көптеп кездеседі. Ақынның балаларға арналған өлеңдері, міне, осылай айрықша танымдық, көркемдік-эстетикалық, тәрбиелік мәнімен ерекшеленеді деп түйіндесек, онымыз онша тапқырлық болып көрінбейді. Өйткені жазғандарының тәрбиелік құндылығы болуы – көптеген балалар қаламгерлеріне тән. Әртүрлі мамандық иелерінің кәсіптерімен таныстыра отырып, ақын жас жеткіншектерді еңбекке шақырып, белгілі бір кәсіпті ерте бастан таңдау керектігіне мән береді.

«Бұл қай кезде болады?» өлеңі де жыл мезгілдеріне арнап жазылған.

Мұнда ақын әрбір жыл мезгілін сипаттай отырып, жас оқырманын ойландыру мақсатымен «Бұл қай кезде болады?» деп сұрақ қояды.

Ақынның қолданған мұндай «сұрақ-жауап» әдісі балалардың қиялын ұштайды, танымын кеңейтеді. Әр мезгілге сәйкес табиғат пен адам өмірінде болатын өзгерістермен жете танысып, оларға үңілуге мүмкіндік береді.

Мысалы үшін жаз мезгілі бейнеленген үзіндіні алып қарайық:

Көбелек бір – гүл де бір,
Қызыл-жасыл күллі өңір.
Аспан төрі ақша бұлт,
Бау-бақшада барша жұрт.
...Бұл қай кезде болады?

Ақынның «Батпырауық ұшырғанда», «Батпырауық және қиял арман», «Менің ойыншықтарым», т.б. өлеңдері баланың ойын үстіндегі қимылы мен психологиясын, оның сүйікті ойыншықтарын шебер де шымыр суреттейді. Өсе келе, баланың білмегенді білуге деген талпынысы ұлғая түсетіндігі белгілі. Енді бала оқу әрекеті арқылы бойына білім жинай бастайды. Мұны ескерген ақын балаларға әріптерді, сандарды үйретуді мақсат етіп қоятын өлеңдер жазады. Бұл өлеңдер бүлдіршіндерге көркем поэтикалық пішінімен әріптерге, сандарға үйретеді. Жел тәрізді табиғат құбылысы жайлы ақын аталған табиғат құбылысын «Жел деген не?» атты өлеңінде аға мен іні диалогы арқылы түсіндіруі де ұтымды. Ең алдымен, Мұзафар Әлімбаев балаларға арналған өлеңдерді мазмұн, тақырып жағынан едәуір байытты. Қазақ балалар поэзиясын дәстүрлі тақырыптармен қоса жаңа, тың тақырыптармен толықтыра алды. М.Әлімбаев шығармаларының басым бөлігі Кеңес дәуірінде жазылғандықтан да, олардың мазмұнынан сол кездегі қоғам талабы көрініс береді. Еліміздің тәуелсіздік алған, қоғамдық өмірінде де, ақын шығармаларының тәрбиелік, тағылымдық мәні әсте кеміген жоқ. Қаламгер «Мінсіз бала» бейнесін қабылдағанымен, оның кейіпкерлері әрқашан бүлдіршінге тән табиғи мінезімен көзге түседі. Автордың Самат, Жаңғалақ, Бекен, Білгіш, Үмітхан сынды кейіпкерлері «мінсіздер» қатарына жатпайды. М.Әлімбаев – аз сөзге көп мағына дарыта білетін, ойлы жырларды шағын да көркем көлемге сыйғыза алған ақын. Бүлдіршіндерге арналған өлеңдерінен дидактикалық сарынды тауып алу онша қиын емес. Ақын туындыларының кейбірі бастан-аяқ афоризм. Енді бір шығармаларында қаламгер өмірден алынған жағдайды сипаттай отырып, ойлы да тартымды нақыл іспетті қорытындысы мен үкімін соңғы шумақтарда қиюластырып келтіріп отырады.

Өзің от боп жанасың,
Өзгелердің нұрлантуға санасын.

Өзің күл боп қаласың,
Өзгелердің құнартуға даласын, –

деген Мұзафар Әлімбаев жолдары оның ақындық позициясын аңғартып қана қоймай, туған халқына, жеріне деген жүрекжарды сезімімен де хабар беріп тұр. М.Әлімбаев шығарған жаңылтпаш, санамақ, жұмбақ, мақал-мәтел туындылары бір төбе.

Бір дегенім – бір таяқ,

Екі дегенім – екі аяқ,
Үш дегенім – үшкір тіс,
Төрт дегенім – төрт бұрыш...
...Сан білмеген айта ма,
Санамақты қайтала!

Өлең сан мен заттың, сан мен құбылыстың ұқсастығын дәлелдей келе, бүлдіршінге цифрларды тануды үйретеді. Шындығында да, ақын сандарға сәйкес келетін заттарды іріктеп ала отырып, тағы да сол бала қиялын өрбітуге мән береді. Санамақ жанрында жазылған шығармаларында баланы белсенділікке үндей отырып, ақынның шақыратыны – санамақты тезірек қайталау, сандарды үйрене білу. Ақын баланы қайрап, «сан білмеген айта ма, санамақты қайтала» деп, оны белсенді әрекетке үндейді. Бұл – өте ұтымды қолданылған педагогикалық тәсіл.

Келесі санамағы мынадай:

Үйде бір топ мейман бар:

Нағашымыз Мейрам бар.

Ақын шығарған жұмбақтарының мағынасы қызықты болуымен бірге көркемдігі де осал емес:

Басы жоқ, денесі жоқ, құрсағы бар,

Ішінде құрсағының жұмсағы бар.

Жатарда ұнатады ұйықтағанды,

Кәрілер сол жұмсаққа сонша құмар

Жұмбақ балаларды жасырын тұрған заттың сырт пішінімен, негізгі белгісімен, қызметімен таныстырады. Балалардың көз алдына басқа жастайтын жастықтың сөзбен салынған суреті елестейді. Сөзбен салынған сол суреттің өзі бүлдіршінді қызықтырады, көңілдендіреді, күлдіреді.

Тақап келіп, оған әр кім төнеді,

Кереметтей бізге берер көмегі:

Іштегілер сырттағыны көреді,

Сырттағылар іштегіні көреді.

Негізгі қасиетін атап көрсетіп бергендіктен де, келтірілген жұмбақ шешуінің терезе екендігін аңғару көп қиындықты тудырмайды.

Ақынның жұмбаққа арқау еткен тақырыптары түрлі-түрлі. Адамның дене мүшелері, дерексіз ұғымдар, шаруашылық түрлеріне қатысты заттар мен құрал түрлері, жан-жануарлар әлемі (оны өз ішінен жәндіктер, аңдар мен құстарға арналған жұмбақтар деп бөлуге болады), өсімдіктер, тағам түрлері, көне заттар – бәрі де ақын жұмбақтарында өз орнын тапқан. М.Әлімбаев – балалар әдебиетінің қай жанрында болсын, өнімді еңбек еткен қаламгердің бірі. Оның жаңылтпаштары да қазақ балалар поэзиясының алтын қорына қосылған туындылар екендігі белгілі.

Жаңылтпаш,

Жаңылтпас,

Жаңылар аңғырт жас

Сөзіне салғырт бас,

– дейді жаңылтпаштарының бірінде қаламгер. Сөйте отырып ол бүлдіршіндерді зейінді, ұқыпты болуға шақырады. Жаңылтпаштан «аңғырт жастардың» ғана қателесетіндігін автор ерекше атап өтеді. Ақын өлеңдерінен табылатын тағы бір ерекшелік – оның баланы қызықтырып, қанаттандыруға үнемі көңіл бөліп отыратындығы. Мысалы, «Жел деген не?» атты өлеңде ағасы інісіне бұл құбылысты бүлдіршін танымына сай қонымды етіп, былайша түсіндіреді:

Жел де ауа кәдімгі

Ойға-қырға шапқылап,

...Жел дегенің тек бірақ –

Байыз таппас ауа ғой.

Белгілі әдебиетші-ғалым, сыншы Н.Ғабдуллин: «Мұзафар Әлімбаев – қазақ балалар поэзиясының өркендеп дамуына үлкен еңбек сіңіріп келе жатыр. Ақынның балалар поэзиясының мазмұны мен түрін байытуға қосқан көп сапалық жаңалықтары, көркемдік үлгілері бар» – деп ақынның балаларға арналған шығармаларын жоғары бағаланған еді. Жалпы, ақын қай жанрда қалам тербесе де, оның астарында үлкен тәрбиелік, танымдық мән адамгершілік идеал жатады. Өлеңдерде сөз болатын ситуациялардың шынайылығы бүлдіршіндерді қызықтырады әрі сүйсіндіреді. Қаламгердің адамгершілік әлемі, жазу шеберлігі биік. Сонымен қатар, М.Әлімбаев шығармаларында айрықша көзге түсетін жақсы қасиеттердің бірі – қонымды көркем тіркестер, ішкі мазмұнның тәрбиелік, танымдық мәнінің тереңдігі деп білеміз. Қазақ балалар әдебиетінің корифейі М.Әлімбаев жайындағы шағын мақаламызды оның шығармашылығы туралы филология ғылымдарының докторы Нығмет Ғабдуллин:

«Мұзафар Әлімбаев қазақ балалар поэзиясының өркендеп дамуына үлкен еңбек сіңіріп келе жатыр. Ақынның балалар поэзиясының мазмұны мен түрін байытуға қосқан көп сапалық жаңалықтары, көркемдік үлгілері бар» деген тұжырымды ой айтады. Біздің манадан бері талдап отырған жыр шумақтарының мәні осы ғұламалардың ойларымен ұштасып жатқанын аңғара отырып, ойымызды аяқтасақ дейміз.

**Нүрдәулет АҚЫШ,
М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер
институтының бас ғылыми қызметкері**